

**Қылмыстық жауаптылыққа тартылған және жазасын шетелде өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары туралы деректер банкін және оны жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 12 тамыздағы № 81 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылы 9 қыркүйекте № 9724 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 11 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 09.01.2023 № 11 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Елден тыс жерлерде жүрген қазақстандық азаматтарды қорғауды және оларға қамқорлық жасауды мемлекетке міндеттейтін Қазақстан Республикасы Конституциясының 11-бабын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қылмыстық жауаптылыққа тартылған және жазасын шетелде өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары туралы деректер банкі құрылсын.

2. Бекітілсін:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес, Қылмыстық жауаптылыққа тартылған және жазасын шетелде өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары туралы деректер банкін жүргізу жөніндегі нұсқаулық;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес, қылмыстық жауаптылыққа тартылған және жазасын шетелде өтеп жүрген адамға карточка.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) осы бұйрықты:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін;

2) мүдделі мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құрылымдық бөлімшелеріне мәлімет және қызметте пайдалану үшін, Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

## **Қылмыстық жауаптылыққа тартылған және жазасын шетелде өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары туралы деректер банкін жүргізу жөніндегі нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық қылмыстық жауаптылыққа тартылған және жазасын шетелде өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары туралы автоматтандырылған деректер банкін (бұдан әрі – деректер банкі) жүргізуді айқындайды.

2. Деректер банкі шетелдік мемлекеттердің аумақтарында қылмыс жасаған және жазасын өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарын дұрыс есепке алуға арналған.

3. Есепке алуды және қалыптастыруды Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) жүргізеді.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Деректер банкін қалыптастыруды Комитет электрондық форматта, осы бұйрыққа Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес, қылмыстық жауаптылыққа тартылған және жазасын шетелде өтеп жүрген адамға карточканы (бұдан әрі – карточка) толтыру арқылы жүзеге асырады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Қазақстан Республикасының азаматын шетелдік мемлекеттердің аумақтарында қылмыстық жауаптылыққа тарту нәтижесінде соттау дерегі және Комитетке оған қатысты шетелдік мемлекет сотының заңды күшіне енген айыптау үкімінің (қаулысының) көшірмесін ұсыну есепке алу үшін негіз болып табылады.

6. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық келісімшартында осы Нұсқаулықта көзделгеннен өзге ережелер белгіленген болса, онда халықаралық келісімшарттың ережесі қолданылады.

### **2. Қылмыстық жауаптылыққа тартылған және жазасын шетелде өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары туралы деректер банкін толықтыру тәртібі**

7. Деректер банкін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінен (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) (бұдан әрі-Департамент) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінен (бұдан әрі – ҚР ӘМ), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінен (бұдан әрі – ҚР ІІМ) және Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінен (бұдан әрі – шетелдердегі мекемелер) алынған растау құжаттарының негізінде жүзеге асырылады:

1) шетелдік мемлекет сотының заңды күшіне енген айыптау үкімінің (қаулысының) көшірмесі;

2) "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі. Тұлғада Заңның 6 - бабының 1-тармақшасында көзделген жеке басты куәландыратын құжаттардың жоқтығы жағдайында оларды есепке алу үшін көші-қон полиция органдары ҚР азаматтығының болуын растаумен қатар 1974 жылғы үлгідегі төлқұжатты және 1-нысанды пайдалануға болады;

3) Комитет бұрын мәліметтері жіберілген тұлғаларға қатысты үкімді өзгерту, босату, шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе өлімі туралы хабарламалар.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының м.а. 01.08.2019 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

8. Деректер банкінде мәліметтері бар азаматтың жазбаша өтінішінің негізінде түзету ақпаратын енгізуге жол беріледі. Түзету енгізу туралы өтініші Комитетке жіберіледі.

Өтініште көрсетілген сауалнамалық деректер өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтеріне сәйкес келуі тиіс. Тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін өзгерткен тұлғалар қазіргі және бұрынғы сауалнамалық деректерін көрсетеді.

Түзету енгізу туралы өтінішке мыналар жалғанады: өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және сот тағайындаған жазаны өтеу немесе соттылықты алып тастау дерегін растайтын құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариус растаған, заңдастырылған, апостиль қойылған көшірмелері.

Жіберілген құжаттың түпнұсқасын өтініш берушіге қайтару қажет болған жағдайда оны өтініште көрсету талап етіледі.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының м.а. 01.08.2019 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң**

қолданысқа енгізіледі); 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

9. Комитеттің қызметкері растау құжаттарын алғаннан кейін бес (5) жұмыс күнінің ішінде ақпаратты карточкаға толтырады және оның графикалық көшірмелерін енгізеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Қылмыстық жауаптылыққа тартылған және жазасын шетелде өтеп жүрген ҚР азаматтары туралы деректер сот үкіміне сәйкес, міндетті түрде үкімнің заңды күшіне енген күнін көрсете отырып толтырылады.

Мәліметтерді сотталған жөніндегі хабарламадан енгізген кезде, тиісті шетелдегі мекемеге сот үкімінің көшірмесін ұсыну туралы сұрау жолдау қажет.

11. Сауалнамалық деректер ҚР азаматының жеке басын куәландыратын құжат көшірмесінің негізінде енгізіледі.

ҚР азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болмаған жағдайда, ол жөніндегі қажетті мәліметтер ҚР құқық қорғау және арнайы органдарының ақпарат алмасу жүйесі арқылы қалыптастырылған құжаттардың негізінде енгізіледі.

12. Қылмыстық жауаптылыққа тартылған және жазасын шетелде өтеп жүрген адамдардың елін және ұлтын көрсетуге арналған цифрлық кодтар осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасындағы "Әлем мемлекеттерінің сөздігіне" және осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасындағы "Ұлттар сөздігіне" сәйкес келуі тиіс.

13. Заңды күшіне енген айыптау үкімдерінің көшірмелерімен келіп түскен дактилоскопиялық карталар Комитеттің автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

14. Қылмыстық жауаптылыққа тартылған және жазасын шетелде өтеп жүрген адамдар туралы мәліметтер автоматтандырылған деректер банкінде тұрақты сақталады.

15. Растау құжаттары мен оларды ұсыну жөніндегі хат-хабар жеке номенклатуралық іске тігіледі.

### **3. Есепке алу үшін растау құжаттарын ұсыну тәртібі**

16. Шетелдердегі мекемелер болу елдің құзыретті органдардан келіп түскен күнінен бастап 15 жұмыс күнінің ішінде растау құжаттарының Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментіне ( бұдан әрі - ҚР СІМ КҚД) жібереді.

Растау құжаттарының жолдау мерзімдерін есептеу кезде курьерлік жеткізу кезеңі есептелмейді.

17. ҚР СИМ КҚД шетелдердегі мекемелерден келіп түскен құжаттарды бес (5) жұмыс күнінің ішінде Комитетке жөнелтеді.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

18. Шетелдердегі мекемелер Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, деректер банкін толықтыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Комитет ҚР СИМ КҚД арқылы, Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжат көшірмесінен басқа тиісті шетелдегі мекемеден қосымша мәліметтерді сұратады.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. ҚР СИМ КҚД шетелдердегі мекемелердің растау құжаттарын уақтылы ұсынуына бақылау жүргізеді.

20. Шетелдердегі мекемелер жылына бір рет ҚР СИМ КҚД-ге тиісті консулдық округтің аумағында сотталған және жазасын өтеп жүрген ҚР азаматтарының тізімдерін жібереді.

Есепке алу үшін мәліметтерді толық ұсынуды қамтамасыз ету мақсатында, Комитет жылына 1 (бір) рет шетелдердегі мекемелер ҚР СИМ КҚД-ге ұсынған тізімдік деректерді және автоматтандырылған деректер банкінің мәліметтерін салыстырып тексереді.

Салыстырып тексеру нәтижелері 2 (екі) данада құрылатын және ҚР СИМ КҚД мен Комитет басшылары қол қоятын акт ретінде ресімделеді.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21. Департамент, ҚР ӘМ және ҚР ПМ құжаттардың келіп түскен күнінен 15 жұмыс күнінің ішінде Комитет ҚР халықаралық келісімшарттарымен көзделген тәртіпте алынған, заңды күшіне енген айыптау үкімдерінің көшірмелерін жөнелтеді.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **4. Есепке алуға жүгіну тәртібі**

22. Деректер банкінің статистикалық мәліметтерін сұрату Комитетке өтініштің негізін көрсете отырып, тиісті сұрау жолдау арқылы жүргізіледі.

23. Азаматтарға қатысты тексеру іс-шараларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдар және өзге органдар, ұйымдар, сондай-ақ жеке тұлғалар есепке алынған мәліметтерді Комитет пен оның аумақтық органдарының арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу және пайдалану саласындағы ақпараттық-анықтамалық қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес талап етеді.

ӘЛЕМ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ СӨЗДІГІ				
Австралия одағы	021	Иордан Хашимиттік Корольдігі	285	Панама Республикасы
Австрия Республикасы	025	Ирак Республикасы	289	Папуа Жаңа Гвинея Тәуелсіздік Мемлекеті
Әзірбайжан Республикасы	029	Иран Ислам Республикасы	293	Парагвай Республикасы
Албания Республикасы	033	Ирландия	297	Перу Республикасы
Алжир Халықтық Демократиялық Республикасы	037	Исландия	301	Поляк Республикасы
Ангола Республикасы	041	Испания Корольдігі	305	Португалия Республикасы
Андора Княздігі	045	Италия Республикасы	309	Пуэрто-Рико Достастығы
Антигуа және Барбуда	049	Йемен Республикасы	313	Реюньон
Антил аралы	053	Кабо-Верде Республикасы	317	Ресей Федерациясы
Арнайы Әкімшілік аудан Аомынь (Макао)	057	Қазақстан Республикасы	321	Руанда Республикасы
Аргентина Республикасы	065	Камбоджа Корольдігі	325	Румыния
Армения Республикасы	061	Камерун Республикасы	329	С. Винсент және Гренадины

Ауғанстан Ислам Республикасы	069	Комор Аралдары	369	Сент-Китс және Невис Федерациясы
Багам Аралдары	073	Канада	333	Эль-Сальвадор Республикасы
Бангладеш Халық Республикасы	077	Катар Мемлекеті	337	Сан-Марино Республикасы
Барбадос	081	Кения Республикасы	341	Демократиялық Сан-Томе және Принсипи Республикасы
Бахрейн Корольдігі	085	Кипр Республикасы	345	Сауд Арабиясы Корольдігі
Беларусь Республикасы	089	Кирибати Республикасы	353	Свазиленд Корольдігі
Белиз	093	Қытай Халық Республикасы	349	Сейшель Аралдары Республикасы
Бельгия Корольдігі	097	ҚХДР	361	Сенегал Республикасы
Бенин Республикасы	101	Колумбия Республикасы	365	Сент-Люсия
Болгария Республикасы	105	Конго Демократиялық Республикасы	373	Сербия Республикасы
Боливия Көпұлттық Мемлекеті	109	Корея Республикасы	377	Сингапур Республикасы
Босния және Герцеговина	113	Коста-Рика Республикасы	381	Сирия Араб Республикасы
Ботсвана Республикасы	117	Кот-д-Ивуар Республикасы	385	Словения Республикасы
Бразилия Федерациялы қ Республикасы	121	Куба Республикасы	389	Соломон Аралдары
Бруней-Дарус салам Мемлекеті	125	Кувейт Мемлекеті	393	Сомали Федеративтік Республикасы
Буркина - Фасо	129	Қырғыз Республикасы	357	Судан Республикасы
Бурунди Республикасы	133	Лаос Халық-Демократиялық Республикасы	397	Суринам
Бутан Корольдігі	137	Латвия Республикасы	401	Америка Құрама Штаттары
Вануату Республикасы	141	Лесото Корольдігі	405	Сьерра-Леоне Республикасы
Ватикан	145	Либерия Республикасы	409	Гонконг Арнайы әкімшілік ауданы

Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі	149	Ливан Республикасы	413	Тәжікстан Республикасы
Венгрия	153	Ливия Мемлекеті	417	Таиланд Корольдігі
Боливариандық Венесуэла Республикасы	157	Литовиялық Республикасы	421	Тайвань
Шығыс Тимор Демократиялық Республикасы	161	Лихтенштейн Княздігі	425	Танзания Біріккен Республикасы
Вьетнам Социалистік Республикасы	165	Люксембург Ұлы Герцогтігі	429	Тоголез Республикасы
Габон Республикасы	169	Маврикий Республикасы	433	Тонга Корольдігі
Гаити	173	Мавритан Ислам Республикасы	437	Тринидад және Тобаго Республикасы
Гайана Кооперативтік Республикасы	177	Мадагаскар Республикасы	441	Тувалу
Гамбия Республикасы	181	Македония Республикасы	445	Тунис Республикасы
Гана Республикасы	185	Малави Республикасы	449	Түркіменстан
Гваделупа	189	Малайзия	453	Түрік Республикасы
Гватемала Республикасы	193	Мали Республикасы	457	Уганда Республикасы
Гвиана	197	Мальдив Республикасы	461	Өзбекстан Республикасы
Гвинея Республикасы	201	Мальта Республикасы	465	Украина
Гвинея - Бисау Республикасы	205	Марокко Корольдігі	469	Шығыс Уругвай Республикасы
Германия Федеративтік Республикасы	209	Мартиника	473	Фиджи Республикасы
Гибралтар	213	Мексика Құрама Штаттары	477	Филиппин Республикасы



Гондурас Республикасы	217	Мозамбик Республикасы	481	Финляндия Республикасы
Гренада	221	Молдова Республикасы	485	Француз Республикасы
Г р е к Республикасы	225	Монако Князьдігі	489	Хорват Республикасы
Грузия	229	Монғолия	493	Орталық Африка Республикасы
Дания Корольдігі	233	Мьянма Одағы Республикасы	497	Ч а д Республикасы
Джибути Республикасы	237	Намибия Республикасы	501	Черногория
Доминика Бірлестігі	241	Науру Республикасы	505	Ч и л и Республикасы
Доминикан Республикасы	245	Не п а л Федеративтік Демократиял ы қ Республикасы	509	Ч е х Республикасы
Басқа	829	Нигер Республикасы	513	Швейцария Конфедераци ясы
Египет Араб Республикасы	249	Нигерия Федеративтік Республикасы	517	Ш в е д Корольдігі
З а и р Республикасы	253	Нидерланд Корольдігі	521	Шри-Ланка Демократиял ы қ Социалистік Республикасы
Замбия Республикасы	257	Никарагуа Республикасы	525	Эквадор Республикасы
Батыс Сахара	261	Ж а ң а Зеландия	529	Экваториалды қ Гвинея Республикасы
С а м о а Тәуелсіздік Мемлекеті	265	Норвегия Корольдігі	537	Э с т о н Республикасы
Зимбабве Республикасы	269	БАЭ	541	Эфиопия Федеративтік Демократиял ы қ Республикасы
Израиль Мемлекеті	273	О м а н Сұлтанлығы	545	Оңтүстік-Афр и к а Республикасы

Үндістан Республикасы	277	Пәкістан Ислам Республикасы	549	Ямайка
Индонезия Республикасы	281	Палестина	553	Жапония

Авар	43		Лезгин	40
Әзірбайжан	23		Литвалық	18
Ауған	45		Ливан	60
Анголалық	58		Мари	13
Араб	54		Молдаван	24
Армян	15		Монғол	57
Ассириялық	38		Мордва	14
Балқар	34		Неміс	08
Башқұрт	35		Перулік	50
Белорус	09		Поляк	22
Белудж	49		Пуштун	48
Берберлік	47		Осетин	20
Болгар	12		Орыс	01
Вьетнамдық	51		Серб	56
Гвинеялық	59		Сириялық	53
Грек	37		Тәжік	10
Грузин	16		Татар	05
Дүнген	36		Түркімен	28
Еврей	03		Түрік	33
Ингуш	39		Өзбек	26
Үндіс	46		Ұйғыр	29
Қазак	02		Украин	06
Қалмақ	41		Фин	21
Қарақалпақ	44		Француз	55
Қырғыз	27		Цыган	04
Қытай	30		Шешен	42
Корей	31		Чуваш	07
Кубалық	52		Эстон	19
Курд	32		Басқа ұлттар	25



өзге (4),  
босатылуы  
туралы  
анықтама (5)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ ж  
" " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

берді  
кім және  
қашан  
8. ЖСН \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

9 . \*  
Қылмыстық  
заңнаманың  
баптары,  
қылмыстың  
сипаты \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(НҚА бабы  
және оның  
қылмыстық  
жауаптылыққа  
тартқан  
елдегі атауы)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

10. Айып  
тағылған күн  
20 \_\_\_\_\_ ж. "

" \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

11. Сотталды \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(үкім  
шығарған сот

2.\* ТЕГІ

2.1\* АТЫ

органының  
толық аты)  
12. Сот  
шешімі  
шығарылған  
күн 20\_\_\_\_  
ж. " \_\_\_\_ " \_

13 .  
Қылмыстық  
заңнаманың  
бабтары

14. Бас  
бостандығына  
н айыру  
мерзімі \_\_\_\_\_

15. Қосымша  
жаза \_\_\_\_\_

16. Үкім  
заңды күшіне  
енді 20\_\_\_\_  
ж. " \_\_\_\_ " \_

17. Жазалау  
мерзімін  
өтеудің  
басталған  
күні 20\_\_\_\_  
ж. " \_\_\_\_ " \_

18. Босатылу,  
қозғалыс  
туралы  
мәліметтер \_\_\_\_\_



